

## Дулати университеті “3 жұлдызды” оқу орны!

QS Stars — жоғары оқу орындарының ең беделді әлемдік рейтингтерінің бірінің негізін қалаушы Quacquarelli Symonds компаниясының QS WUR рейтингтік жүйесі. QS Stars — барлық мүдделі тараптарға: әлеуетті студенттерге, серіктестерге, сарапшыларға, ғалымдарға, жұмыс берушілерге университет туралы толық ақпарат беруге бағытталған университеттердің рейтингін анықтайды. QS Stars әдістемесіне сәйкес университеттер академиялық және ғылыми жетістіктер, инновациялар, интернационалдандыру, университет инфрақұрылымы нысандары, түлектерді жұмысқа орналастыру, инклюзия және қоршаған ортаға әсері сияқты 100 түрлі көрсеткіштер бойынша бағаланады. Бағалаудан кейін университеттерге бағалау нәтижесінде алынған ұпайлар санына байланысты 0-ден 5 жұлдызға дейін өзгеретін жалпы жұлдыз ұпайы беріледі.

Дулати университеті жақында ғана тұңғыш рет QS Stars рейтингіне қатысып, алғашқы қадамда жоғары нәтижеге қол жеткізді. 2024 жылдың 18-наурыз күні университетіміз жалпы қорытындыда QS Stars “3 жұлдыз” артықшылық белгісіне ие болды. Соның ішінде, бағыттар бойынша: Оқыту — “4 жұлдыз”, Жұмысқа орналасу мүмкіндігі — “4 жұлдыз”, Ғылыми зерттеулер — “3 жұлдыз”, Интернационализация — “3 жұлдыз”, Қажеттіліктермен жарақтандыру — “3 жұлдыз”, Инновация — “1 жұлдыз”, Инклюзивтілік — “2 жұлдыз”, ал мамандану критерийлері бойынша таңдап алынған Химия бағыты — “3 жұлдыз”.

